

Павлодар облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі "Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" № 145/3 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 11 қазандағы № 310/7 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 қазанда № 5255 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 5 мамырдағы № 117/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 05.05.2017 № 117/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 бұйрығымен бекітілген Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі "Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" № 145/3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5138 болып тіркелді, 2016 жылғы 3 маусымда "Регион.kz" газетінде жарияланды) келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасын осы қаулының қосымшасына сәйкес 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95-жолдармен толықтырылсын.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Қ. Қасеновқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

"

69	Нитроаммофоска жақсартылған гранулометриялық құрамы	тонна	30	42000
70	Нитроаммофоска, 23:13:8 маркасы	тонна	30	40500
71	Нитроаммофоска, 14:14:23 маркасы	тонна	30	42000
72	Нитроаммофоска, 10:26:26 маркасы	тонна	30	48000
73	Нитроаммофоска, 17:17:17 маркасы	тонна	30	42000
74	Нитроаммофоска, 15:15:15 маркасы	тонна	30	42000
75	Мастер 13.40.13	килограмм	30	382,5
76	Мастер 20.20.20	килограмм	30	369
77	Мастер 3.11.38+4	килограмм	30	362,4
78	Плантафол 20.20.20	килограмм	30	536,4
79	Плантафол 20.20.20	килограмм	30	503,1
80	Плантафол 5.15.45	килограмм	30	603,3
81	Плантафол 10.54.10	килограмм	30	650,1
82	Бороплюс	литр	30	953,1
83	Брексил Кальций	килограмм	30	1265,1
84	Брексил Микс	килограмм	30	1289,4
85	Брексил Комби	килограмм	30	1245
86	Изагри-М, ФОРС Өсу маркасы	литр	30	525
87	Изагри-К, ФОРС Қорек маркасы	литр	30	525
88	Изагри-К, ВИТА маркасы	литр	30	540
89	Изагри-М, БОР маркасы	литр	30	412,5
90	Изагри-К, МЕДЬ маркасы	литр	30	435
91	Изагри-К, ЦИНК маркасы	литр	30	322,5
92	Изагри-К, ФОСФОР маркасы	литр	30	292,5
93	Изагри-К, АЗОТ маркасы	литр	30	292,5
94	Изагри-К, КАЛИЙ маркасы	литр	30	262,5
95	Yara VitaBORTAC 150	литр	30	571,2

"